

Қазақстан Республикасының кейбір заң актілеріне вексель айналысы, ақша төлемі мен аударымы мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 9 шілдедегі N 482-ІІ Заңы

Қазақстан Республикасының мына заң актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1. 1999 жылғы 1 шілдедегі Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіне (Ерекше бөлім) (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1999 ж., N 16-17, 642-құжат; N 23, 929-құжат; 2000 ж. N 3-4, 66-құжат; N 10, 244-құжат; N 22, 408-құжат; 2001 ж., N 23, 309-құжат; N 24, 338-құжат; 2002 ж., N 10, 102-құжат; 2003 ж., N 1-2, 7-құжат; N 4, 25-құжат; N 11, 56-құжат):

1) 742 - баптың 2 - тармағында:

бірінші бөліктің 2) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"2) екінші кезекте клиенттің міндетті зейнетақы жарналарын жинақтаушы зейнетақы қорларына аудару жөніндегі міндеттемелері бойынша, сондай-ақ еңбек шарты, оның ішінде келісім-шарт бойынша жұмыс істейтін адамдармен жұмыстан шығу жәрдемақыларын төлеу және еңбегіне ақы төлеу бойынша, авторлық шарт жөніндегі сыйақы төлеу бойынша есеп айырысу үшін ақша алуды көздейтін атқарушы құжаттар бойынша ақша алу жүргізіледі;"

екінші бөліктегі "атқарушы" деген сөз "тиісті" деген сөзбен ауыстырылсын;

2) 756-баптың екінші бөлігіндегі "банк қызметін реттейтін заң актілерінде" деген сөздер "Қазақстан Республикасының банк заңдарында" деген сөздермен ауыстырылсын

2. 1999 жылғы 13 шілдедегі Қазақстан Республикасының Азаматтық іс жүргізу кодексіне (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1999 ж., N 18, 644-құжат; 2000 ж., N 3-4, 66-құжат; N 10, 244-құжат; 2001 ж., N 8, 52-құжат; N 15-16, 239-құжат; N 21-22, 281-құжат; N 24, 338-құжат; 2002 ж., N 17, 155-құжат; 2003 ж., N 10, 49 - құжат) :

159-баптың 1-тармағының 1) тармақшасы "тыйым салу" деген сөздерден кейін "(банктің корреспонденттік шотындағы ақшаға тыйым салуды қоспағанда)" деген сөздермен толықтырылсын.

3. "Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы" 1995 жылғы 30 наурыздағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1995 ж., N 3-4, 23-құжат; N 12, 88-құжат; N 15-16, 100-құжат; N 23, 141-құжат; Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1996 ж., N 2, 184-құжат; N 11-12, 262-құжат; N 19, 370-құжат; 1997 ж., N 13-14, 205-құжат; N 22, 333-құжат; 1998

ж., N 11-12, 176-құжат; 1999 ж., N 20, 727-құжат; 2000 ж., N 3-4, 66-құжат; N 22, 408-құжат; 2001 ж., N 8, 52-құжат; N 10, 123-құжат):

1) 8 - б а п т а :

3) тармақшасындағы "төлем жүйесінің жұмыс істеуін ұйымдастырады" деген сөздер "төлем жүйелерінің жұмыс істеуін ұйымдастырады, сондай-ақ қадағалауды жүзеге асырады" деген сөздермен ауыстырылсын;

мынадай мазмұндағы 3-1) тармақшамен толықтырылсын:

"3-1) банк операцияларын жүзеге асырған кезде электрондық банк қызметін көрсету ережелерін белгілейді;"

2) 48-баптың бірінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Ұлттық Банкі төлем жүйелерінің жұмыс істеуін ұйымдастырады, үйлестіреді, реттейді, сондай-ақ қадағалауды жүзеге асырады және:"

3) 62-бап мынадай мазмұндағы алтыншы бөлікпен толықтырылсын:

"Төлем жүйелерінің жұмыс істеуін қадағалауды жүзеге асыру мақсатында
Қ а з а қ с т а н Ұ л т т ы қ Б а н к і :

1) төлем жүйелерінің жұмыс істеуін реттейтін нормативтік құқықтық актілер қ а б ы л д а у ғ а ;

2) төлем жүйелерінің жұмыс істеуіне мониторингті жүзеге асыруға;

3) төлем жүйелерінің ұйымдастырылуы мен жұмыс істеуін тексеруге және төлем жүйелерінің қатысушылары мен операторларынан ақпарат алуға өкілетті."

4. "Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы" 1995 жылғы 31 тамыздағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1995 ж., N 15-16, 106-құжат; Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1996 ж., N 2, 184-құжат; N 15, 281-құжат; N 19, 370-құжат; 1997 ж., N 5, 58-құжат; N 13-14, 205-құжат; N 22, 333-құжат; 1998 ж., N 11-12, 176-құжат; N 17-18, 224-құжат; 1999 ж., N 20, 727-құжат; 2000 ж., N 3-4, 66-құжат; N 22, 408-құжат; 2001 ж., N 8, 52-құжат; N 9, 86-құжат; 2002 ж., N 17, 155-құжат; 2003 ж., N 5, 31-құжат; N 10, 51-құжат; N 11, 56, 67-құжаттар):

30-бап мынадай мазмұндағы 2-2-тармақпен толықтырылсын:

"2-2. Осы баптың 2-тармағында санамаланған банк операциялары Ұлттық Банк белгілеген тәртіппен электрондық тәсілмен жүзеге асырылуы мүмкін."

5. "Қазақстан Республикасындағы вексель айналысы туралы" 1997 жылғы 28 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1997 ж., N 8, 87-құжат; 2001 ж., N 24, 338-құжат):

1) бірінші, он екінші, он төртінші, он сегізінші, отыз бірінші және отыз екінші абзацтар мынадай редакцияда жазылсын:

"Аваль - вексель кепілдігі, соған орай оны жасаған тұлға вексель бойынша міндетті басқа тұлға үшін вексель жөніндегі төлемді жасауға (толық немесе бір бөлігін) өзіне м і н д е т т е м е қ а б ы л д а й д ы . " ;

"Дисконт - төлем мерзімі басталғанға дейін вексельдерді есепке алу және қайта есепке алу кезінде алынатын процент.";

"Достық вексельдері - вексель берушінің ол бойынша төлем жасау ниетінсіз, осы вексельдерді екінші деңгейдегі банктерде өзара есепке алу арқылы ақша қарастыру мақсатымен ғана тұлғалар бір-біріне беретін вексельдер.";

"Коммерциялық вексель - сатып алу-сату, жұмыстар орындау, қызметтер көрсету (қаржылық қызметтер көрсетуді қоспағанда) шарттарының негізінде берілген вексель.";

"Есеп кеңсесі - есеп операцияларын жүзеге асыруға лицензиясы бар екінші деңгейдегі банк (бұдан әрі - банк).

Қаржы векселі - ақша тарту мақсатында, сондай-ақ қаржылық қызмет көрсету туралы мәмілелер негізінде берілген вексель.";

он бесінші абзац "вексель сыртындағы" деген сөздерден кейін "немесе аллонждағы" деген сөздермен толықтырылсын;

2) 12-баптың екінші бөлігіндегі "қосымша паракқа (аллонжға)" деген сөздер "аллонжға" деген сөзбен ауыстырылсын;

3) 37-баптың екінші және үшінші бөліктері алып тасталсын;

4) 51-баптың екінші бөлігінде "бен елтаңба алым" деген сөздер алып тасталсын;

5) 78-баптың бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасындағы вексель айналысы Қазақстан Республикасының аумағында жай және аударым коммерциялық вексельдерін шығаруды, вексельдер, оның ішінде Қазақстан Республикасынан тыс жерлерде шығарылғандары бойынша талап ету құқығын беруді, осындай вексельдер жөніндегі міндеттемелер мен оларға байланысты операцияларды орындауды, оларды есеп кеңселерінің есепке алуын және Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің қайта есепке алуын қамтиды.";

6) 8 0 - б а п т а :

бірінші бөліктің екінші сөйлемі мынадай редакцияда жазылсын:

"Вексель сатып алу-сату, жұмыстар орындау, қызметтер көрсету (қаржылық қызметтер көрсетуді қоспағанда) шарттары бойынша төлемді кейінге қалдыру үшін беріледі." ;

екінші бөліктегі "және оның жарамдылығы елтаңба алымын төлеу тәртібін сақтаумен сабақтас болмаса" деген сөздер алып тасталсын;

7) 82-баптың бірінші бөлігіндегі ", елтаңба алымы" деген сөздер алып тасталсын;

8) 83 және 83-1-баптар мынадай редакцияда жазылсын:

"83-бап.

Банктер және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар тиісті лицензиясы болған кезде, вексельдермен операциялардың мынадай түрлерін жүзеге асыруға :

вексельдерді инкассоға қабылдауға;
төлем жасаушының вексельдерді төлеуі бойынша қызмет көрсетуге;

домицильдендірілген вексельдерді төлеуге;
делдалдық тәртіппен вексельдердің акцептін жасауға құқылы.

Вексельдерді есепке алу жөніндегі операцияларды есеп кеңселері ғана жүзеге асырады.

Банктер ақшалай нысанда орындауды көздейтін банктік кепілдіктер беруге лицензиясы болғанда ғана вексельдерді авальдауға құқылы.

83-1-бап.

Вексельдер Қазақстан Республикасының аумағында жай қағазға және вексель қағазына шығарылуы мүмкін.

Қазақстан Республикасының аумағында шығарылатын немесе оның аумағына әкелінетін вексель қағаздарының қорғалу дәрежелеріне қойылатын талаптарды, сондай-ақ вексель қағазына қойылатын техникалық талаптарды Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі белгілейді.

Вексельді вексель қағазына шығарған жағдайда мұндай вексельдің мәтіні мемлекеттік тілде және орыс тілінде жазылуға тиіс. Басқа шет тілдерді қосымша пайдалануға жол беріледі.

Вексель қағазын шығаруға байланысты қызмет Қазақстан Республикасының лицензиялау туралы заңдарына сәйкес лицензиялануға жатады.";

9) 85 және 87-баптар алып тасталсын;

10) 86-баптың төртінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"Вексельдерді есепке алу мен қайта есепке алу тәртібі, сондай-ақ банктер мен банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың вексельдермен операцияларды жүзеге асыруы Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің нормативтік құқықтық актілерімен белгіленеді.";

11) 89-баптың бірінші бөлігіндегі "несиесінің" деген сөз "заемының" деген сөзбен ауыстырылсын;

12) 16-1-тарау алып тасталсын;

13) 93-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"93-бап.

Вексель бойынша акцепт бермеу немесе төлем жасамау туралы наразылықты нотариус өзіне вексель берілген кезден бастап бір жұмыс күні ішінде оған тиісті жазба жасау және акцепт бермеу немесе төлем жасамау фактісін куәландыратын жазбаша акт жазу арқылы жасайды.

Акцептің күні қойылмауына наразылық вексельге акцепт бермеуге наразылық жасау үшін белгіленген тәртіппен және мерзімде жасалуға тиіс.";

14) 94-баптың бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"Вексель бойынша төлем жасаушының мүлкін өндіріп алу сот бұйрығы немесе сот шешімі негізінде ғана жүргізіледі.";

1 5) 9 5 - б а п т а :
ү ш і н ш і б ө л і к а л ы п т а с т а л с ы н ;

бесінші бөліктегі "қолданылып жүрген заңдарына" деген сөздер "заңдарына" деген сөзбен ауыстырылсын;

16) 96-баптың бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"Вексельді жоғалту тәуекелін вексель ұстаушы көтереді. Вексель беруші жоғалған вексельді беруді мойындаған жағдайларды қоспағанда, вексель ұстаушының вексельді жоғалтуы ол бойынша талап ету құқығын жоғалтуға әкеп соқтырады. Жоғалған вексель бойынша төлем жасау ол бойынша талап ету құқығы сот тәртібімен қалпына келтірілген кезде де жүргізілуі мүмкін.";

17) 97-бап алып тасталсын;

18) 18-тарау алып тасталсын.

6. "Ақша төлемі мен аударымы туралы" 1998 жылғы 29 маусымдағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1998 ж., N 11-12, 177-құжат; N 24, 445-құжат; 2000 ж., N 3-4, 66-құжат; 2003 ж., N 4, 25-құжат; N 10, 49, 51-құжаттар):

1) 3-бап мынадай мазмұндағы оныншы және он бірінші абзацтармен толықтырылсын:

"микропроцессорлық төлем карточкасы - тауарларға (жұмыстарға, көрсетілетін қызметтерге) қолма-қол ақшасыз ақы төлеу, қолма-қол ақша алу, валюта айырбастауды және төлем карточкасының эмитенті айқындаған және оның шарттарымен жүргізілетін басқа да операцияларды жүзеге асыру үшін пайдаланылатын, сондай-ақ карточканы ұстаушыға қажетті ақпараты бар интегралдық микросхемалы төлем карточкасы;

төлем карточкаларының ұлттық банкаралық жүйесі - төлем карточкалары бойынша банкаралық операцияларға қызмет көрсету жүйесі, оны басқаруды жүйеге қатысушы банктер арнайы құрған, Қазақстан Республикасының заң актілерінде айқындалған жалпыұлттық міндеттерді іске асыру үшін микропроцессорлық карточкалар технологияларын қолдана отырып, электрондық тәсілмен қажетті ақпаратты сақтауды, өңдеуді және беруді қамтамасыз етуге қабілетті ұйым жүзеге асырады;"

2) 6 - б а п т а :

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Банк шоты - банк пен клиент арасында ақша қабылдау және (немесе) клиентке банктік қызмет көрсету жөніндегі шарттық қатынастарды көрсету тәсілі.

Банк шоттары банк пен клиент арасында банк шотының шарты, банктік салым шарты немесе карт-шот шарты жасалған кезде ашылады.";

2-тармақтағы "және жинақ шоттары" деген сөздер ", жинақ шоттары мен карт-шоттар" деген сөздермен ауыстырылсын;

мынадай мазмұндағы 2-1-тармақпен толықтырылсын:

"2-1. Ағымдағы шот - банк шотының шарты негізінде банктің клиентке ашатын

б а н к ш о т ы , о л б о й ы н ш а :

- 1) клиент ақшасының болуын қамтамасыз етуге және банктің оны пайдалануына;
- 2) клиенттің пайдасына ақша қабылдауға (есептеуге);
- 3) банк шотының шартында көзделген тәртіппен үшінші тұлғалардың пайдасына ақша аудару туралы клиенттің өкімін орындауға;
- 4) Қазақстан Республикасының заң актілерінде және (немесе) шартта көзделген негіздер бойынша клиенттің ақшасын алып қою туралы үшінші тұлғалардың өкімін о р ы н д а у ғ а ;
- 5) банк шотының шартында белгіленген тәртіппен клиенттен қолма-қол ақша қабылдауды және оған беруді жүзеге асыруға;
- 6) банк шотының шартында айқындалған мөлшерде және тәртіппен сыйақы төлеуге ;
- 7) клиенттің талап етуі бойынша банк шотының шартында көзделген тәртіппен клиенттің банктегі ақшасының сомасы және жасалған операциялар туралы ақпарат б е р у г е ;

8) клиентке шартта, Қазақстан Республикасының заңдарында және банк тәжірибесінде қолданылатын іскерлік айналым дағдыларында көзделген өзге де банктік қызмет көрсетуді жүзеге асыруға байланысты операциялар орындалады.

Жинақ шоты - банк салымының шарты негізінде:

- 1) клиентке тиесілі ақшаның (салымның) болуын қамтамасыз етуге және банктің о н ы п а й д а л а н у ы н а ;
- 2) клиенттен немесе үшінші тұлғалардан ақшаны қолма-қол да, қолма-қол емес те тәсілмен қабылдауды жүзеге асыруға;
- 3) банк салымының шартында айқындалған мөлшерде және тәртіппен сыйақы т ө л е у г е ;
- 4) клиентке ақшаны (салымды) банк салымы шартында және Қазақстан Республикасының заң актілерінде көзделген жағдайларда, оның ішінде оны клиенттің басқа банк шотына аудару арқылы қайтаруға байланысты операцияларды орындау үшін банктің клиентке ашатын банк шоты.

Карт-шот - карт-шот шарты негізінде:

- 1) клиент ақшасының болуын қамтамасыз етуге;
- 2) клиенттің пайдасына ақша қабылдауға (есептеуге);
- 3) клиенттің карт-шот шартында көзделген тәртіппен төлем карточкасын пайдалана отырып үшінші тұлғалардың пайдасына төлемдерді жүзеге асыруына;
- 4) Қазақстан Республикасының заң актілерінде және (немесе) карт-шот шартында көзделген негіздер бойынша клиенттің ақшасын алып қою туралы үшінші тұлғалардың ө к і м і н о р ы н д а у ғ а ;
- 5) Қазақстан Республикасының заңдарында және (немесе) карт-шот шартында белгіленген тәртіппен клиенттен қолма-қол ақша қабылдауды жүзеге асыруға;

6) төлем карточкасын пайдалана отырып клиентке қолма-қол ақша беруге;
7) карт-шот шартында айқындалған мөлшерде және тәртіппен сыйақы төлеуге байланысты операцияларды орындау үшін банктің клиентке ашатын банк шоты.

Корреспонденттік шот - корреспонденттік шот шарты бойынша банкке басқа банктен ашылған, банктің және оның клиенттерінің банк операциялары жүзеге асырылатын банктік шот.";

3-тармақтағы "1" деген цифр "2-1" деген цифрмен ауыстырылсын;

3) 7-баптың 1-тармағында:

5) тармақша "карточкаларын" деген сөзден кейін "(оның ішінде микропроцессорлық төлем карточкаларын)" деген сөздермен толықтырылсын;

9) тармақшадағы "заң актілерінде" деген сөздер "заңдарында" деген сөзбен ауыстырылсын;

4) 11-бап мынадай мазмұндағы 2-1-тармақпен толықтырылсын:

"2-1. Санаттарын Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейтін сауда (қызмет көрсету) ұйымдары Қазақстан Республикасының аумағында сауда операцияларын жүзеге асыру (қызметтер көрсету) кезінде төлемдерді төлем карточкаларын пайдалана отырып қабылдауға міндетті.";

5) мынадай мазмұндағы 11-1-баппен толықтырылсын:

"11-1-бап. Төлем карточкаларының Ұлттық банкаралық жүйесі

Төлем карточкаларының Ұлттық банкаралық жүйесінің жұмыс істеуіне және төлем карточкаларының Ұлттық банкаралық жүйесінің арнайы ұйымының қызметіне қойылатын жалпы талаптар Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің нормативтік құқықтық актілерімен белгіленеді.";

6) 14-баптың 3-тармағы мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:

"Салық қызметі органдарының ақша жөнелтушінің банк шотында ақша жеткіліксіз болған кезде салық берешегін өндіріп алу туралы инкассолық өкімін орындау мұндай шотқа ақшаның түсуіне қарай жүргізіледі.";

7) 16-баптың 5-тармағы "38-бабында" деген сөздерден кейін "және Қазақстан Республикасының Салық кодексінде" деген сөздермен толықтырылсын;

8) 21-баптың 4-1-тармағындағы "4000 айлық есептік көрсеткіштен асатын сомадағы" деген сөздер "сомасы 4000 айлық есептік көрсеткіштен асатын мәміле бойынша" деген сөздермен ауыстырылсын;

9) 34-бап мынадай мазмұндағы 1-1-тармақпен толықтырылсын:

"1-1. Аяқталған ақша аударымы кезінде ақшаны қайтару, қате берілген нұсқау орындалған жағдайда, жүзеге асырылады.";

10) 38-баптың 2-тармағының екінші бөлігі алып тасталсын.

7. "Мемлекеттік және мемлекет кепілдік берген қарыз алу мен борыш туралы" 1999 жылғы 2 тамыздағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1999 ж., N 21, 784-құжат; 2001 ж., N 21-22, 282-құжат):

1-баптың 1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"1) аваль - вексель кепілдігі, соған орай оны жасаған тұлға вексель бойынша міндетті басқа тұлға үшін вексель жөніндегі төлемді жасауға (толық немесе бір бөлігін) өзіне міндеттеме қабылдайды;".

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Президенті

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК